

## **"Петропавл элеваторы" акционерлік қоғамы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 4 наурыздағы N 274

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Петропавл қаласындағы макарон фабрикасының атқарылған құрылысы үшін есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 7 R960007\_ және 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 8 өкімдеріне сәйкес астық сатудан түскен 11,6 млн. /он бір миллион алты жүз мың/ АҚШ доллары сомасындағы қаржыны түріктің "Окан Холдинг-Исот" компаниясы көрсеткен реквизиттер бойынша макарон фабрикасының шартына сәйкес берешектерді өтеу үшін жіберуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті түріктің "Окан Холдинг" компаниясымен кейіннен оны сатып алуды көздей отырып "Петропавл элеваторы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға

контракт жасайтын болсын.

Аталған акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сенімді басқаруға контракт жасау барысындағы шарттардың бірі түріктің кредит желісі жөніндегі берешектерді жабу болып табылды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі